

«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Степняк қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі»

КММ жанындағы «Бөбек» шағын орталығының 2025-2026 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру аясында тәрбие жұмысы бойынша жылдық жұмыс талдауы.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының»

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеті:

- Ата-ана өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен береkesін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді пайдалануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

" Біртұтас тәрбие" бағдарламасына сәйкес балабақшамызда

"Заң мен тәртіп" «Тыңдаймыз және ойнаймыз» тақырыбында өткізілген іс-шара өткізілді

Бағыты: Сыпайы қарым-қатынас

Идеологиясы: «Заң мен тәртіп»

Қатысқан топтар: "Гүлдер" тобы – ересек топ (4–5 жас)

Тәрбиешілер: Тургужинова М.М., Калиаскарова Б.С.

Қазақстан Республикасында «Заң мен Тәртіп» идеологиясын ілгерілету бойынша 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес білім беру ұйымында «Тыңдаймыз және ойнаймыз» аясында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты: «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында балаларды топтағы заттарды орнына қоюға, тәртіп сақтауға, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды ойын барысында бір-бірін тыңдауға,

ережелерді сақтауға және тәртіпке баулу. Достық пен балалар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырып, сыпайылыққа, өзара құрметке тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Білімділік: «Тәртіп», «заң», «жауапкершілік» ұғымдарымен таныстыру. Ойыншықтарды түр-түріне қарай жинау жолдарын үйрету.
2. Дамытушылық: Балалардың зейінін, есте сақтауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Өз бетінше шешім қабылдау дағдысын қалыптастыру.
3. Тәрбиелік: Затқа ұқыпты қарауға, бастаған істі соңына дейін жеткізуге, ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды бір-бірімен достық қарым-қатынас жасауға, тәртіп сақтауға, ойын барысында ережелерді дұрыс орындауға үйрету. Бірлесіп ойнау арқылы ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Нәтижесінде балалар ойыншықтарды өз бетінше жинастыруға дағдыланып, тәртіп пен жауапкершілікке деген түсінігі қалыптаса бастады.

[tps://www.instagram.com/reel/DX0uywvSSDO/?igsh=MW16b2xxcnNvZ3ZtZA=](https://www.instagram.com/reel/DX0uywvSSDO/?igsh=MW16b2xxcnNvZ3ZtZA=)
=

«Тәртіппен ұқыптылық» тақырыбында өткізілген іс-шара өткізілді

Бағыты: Сыпайы қарым-қатынас

Идеологиясы: «Заң мен тәртіп»

Қатысқан топтар: "Гүлдер" тобы – ересек топ (4–5 жас), «Балапан» тобы (3–4 жас)

Тәрбиешілер: Токенова Н.Т., Мукажанова М.А.; Тургужинова М.М.; Калиаскарова Б.С

Қазақстан Республикасында «Заң мен Тәртіп» идеологиясын ілгерілету бойынша 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес білім беру ұйымында «Тәртіппен ұқыптылық» аясында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты: «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында балаларды топтағы заттарды орнына қоюға, тәртіп сақтауға, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды ойын барысында бір-бірін тыңдауға, ережелерді сақтауға және тәртіпке баулу. Достық пен балалар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырып, сыпайылыққа, өзара құрметке тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Білімділік: «Тәртіп», «заң», «жауапкершілік» ұғымдарымен таныстыру. Ойыншықтарды түр-түріне қарай жинау жолдарын үйрету.
2. Дамытушылық: Балалардың зейінін, есте сақтауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Өз бетінше шешім қабылдау дағдысын қалыптастыру.
3. Тәрбиелік: Затқа ұқыпты қарауға, бастаған істі соңына дейін жеткізуге, ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды бір-бірімен достық қарым-қатынас жасауға, тәртіп сақтауға, ойын барысында ережелерді дұрыс орындауға үйрету. Бірлесіп ойнау арқылы ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Нәтижесінде балалар ойыншықтарды өз бетінше жинастыруға дағдыланып, тәртіп пен жауапкершілікке деген түсінігі қалыптаса бастады.

Қорытынды: Балалар тәртіп пен ұқыптылықтың маңызын түсінді.

Ұжымдық еңбек барысында ұйымшылдық, жауапкершілік және өзара көмек дағдылары дамыды.

<https://www.instagram.com/reel/DW8SBEGIh1v/?igsh=Y2NrYXh6dW93NW5m>

«Әр ойыншықтың өз орны бар» тақырыбында өткізілген іс-шара өткізілді

Бағыты: Сыпайы қарым-қатынас

Идеологиясы: «Заң мен тәртіп»

Қатысқан топтар: «Балапан» тобы (3–4 жас)

Тәрбиешілер: Токенова Н.Т., Мукажанова М.А.

Қазақстан Республикасында «Заң мен Тәртіп» идеологиясын ілгерілету бойынша 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес білім беру ұйымында «Әр ойыншықтың орыны бар» аясында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты: «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында балаларды топтағы заттарды орнына қоюға, тәртіп сақтауға, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Күнделікті өмірде «Әр заттың өз орны бар» ережесін сақтау арқылы ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа және ұжымдық еңбекке баулу.

Міндеттері:

1. Білімділік: «Тәртіп», «заң», «жауапкершілік» ұғымдарымен таныстыру. Ойыншықтарды түр-түріне қарай жинау жолдарын үйрету.

2. Дамытушылық: Балалардың зейінін, есте сақтауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Өз бетінше шешім қабылдау дағдысын қалыптастыру.

3. Тәрбиелік: Затқа ұқыпты қарауға, бастаған істі соңына дейін жеткізуге, ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды бір-бірімен достық қарым-қатынас жасауға, тәртіп сақтауға, ойын барысында ережелерді дұрыс орындауға үйрету. Бірлесіп ойнау арқылы ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Нәтижесінде балалар ойыншықтарды өз бетінше жинастыруға дағдыланып, тәртіп пен жауапкершілікке деген түсінігі қалыптаса бастады.

<https://www.instagram.com/reel/DXgYkOQIHro/?igsh=bTRvMWlZzGxwdm54>

<http://sc0001.birzhansal.aqmoedu.kz/news/open/id-15920510>

«Бірге ойнаймыз» тақырыбында өткізілген іс-шара өткізілді

Бағыты: Сыпайы қарым-қатынас

Идеологиясы: «Заң мен тәртіп»

Қатысқан топтар: «Гүлдер» тобы (4–5 жас), «Балапан» тобы (3–4 жас)

Тәрбиешілер: Тургужинова М.М., Калиаскарова Б.С.

Мақсаты: Балаларды бір-бірімен достық қарым-қатынас жасауға, тәртіп сақтауға, ойын барысында ережелерді дұрыс орындауға үйрету. Бірлесіп ойнау арқылы ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Іс-шараның мазмұны:

«Бөбек» шағын орталығында «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында «Бірге ойнаймыз» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді. Іс-шараға «Гүлдер» және «Балапан» топтарының тәрбиеленушілері қатысты.

Іс-шара барысында балаларға «Достық ережелері» түсіндірілді:

1. Бір-бірімізді итермейміз.
2. Ойыншықты сұрап аламыз.
3. Кезек күтеміз.
4. «Рақмет», «Кешір» сөздерін айтамыз.

Тәрбиеленушілер «Көңілді доп» ойыны арқылы кезек күтуге, бөлісуге дағдыланды. «Бірге құрастырамыз» ұжымдық ойынында екі топ текшелерден мұнара құрастырып, ұйымшылдық пен жауапкершілік танытты. Ойын барысында балалар бір-біріне көмектесіп, ереже бұзбауға тырысты.

Қорытынды:

Іс-шара өз мақсатына жетті. Балалар ойын ережелерін түсініп, сыпайы сөздерді қолдануға талпынды. Бірлескен әрекет барысында достық қарым-қатынас, тәртіп сақтау дағдылары қалыптасты. Тәрбиеленушілер белсенділік танытып, «Заң мен тәртіп» болған жерде татулық болатынын түсінді.

<https://www.instagram.com/p/DXOFW0BiL8y/?igsh=MThxMjU5Zng5ODVxaw=>

≡

<http://sc0001.birzhansal.aqmoedu.kz/news/open/id-15896000>

“Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің одағы:..”үздік тәжірибе”облыстық сырттай байқауына “Құм терапиясы” және «Үй жануарлары» тақырыбымен Токенова Н.Т. Мукажанова М.А жобаға қатысты .

«Құм терапиясы» - деген 4-5 жастағы балаларға арналған бағдарлама. Құм терапиясында тек қана қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыта отыра процесс барысында бала өзінің ішкі қобалжуларын ішкі сезімдерін сыртқа ойын барысында фигураларды таңдау барысында толығымен өз назарын салады. Бала ойын барысында өзінің терең эмоционалдық қобалжуларын дамытуға әсер етеді. Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Жоба «Үй жануарлары» тақырыбында өткен ұйымдастырылған оқу қызметі балалар үшін мазмұнды, қызықты және тәрбиелік мәні зор болды. Бұл тақырып балалардың күнделікті өмірімен тығыз байланысты болғандықтан, олар сабаққа ерекше қызығушылықпен қатысты. Сабақтың басты мақсаты – балаларды үй жануарларымен таныстыру, олардың пайдасын түсіндіру, жануарларға деген қамқорлық пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.

Сабақтың басында балалармен әңгімелесу арқылы олардың бұрыннан білетін білімдері анықталды. Балалар сиыр, қой, жылқы, түйе, ит, мысық сияқты үй жануарларын атап, олардың төлдерін ажырата білді. Көптеген балалар өз үйінде қандай жануар бар екенін айтып, жеке тәжірибелерімен бөлісті. Бұл балалардың сөйлеу дағдысын дамытуға және өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік берді.

Көрнекі құралдар мен суреттерді пайдалану балалардың қабылдауын жақсартып, жаңа ақпаратты жеңіл меңгеруіне көмектесті. Сабақ барысында «Жануарды тап», «Қай жануар қалай дыбыстайды?» сияқты дидактикалық ойындар ұйымдастырылды. Ойын арқылы балалар белсенділік танытып, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін дамытты. Сонымен қатар, топпен жұмыс жасау арқылы бір-бірін тыңдауға, сыйлауға үйренді.

Сабақта үй жануарларының адамға тигізер пайдасы туралы да айтылды. Балалар сиырдың сүт беретінін, қойдың жүнінен киім жасалатынын, иттің үй күзететінін білді. Осы арқылы балалардың еңбекке, табиғатқа деген құрметі қалыптасты. Жануарларды дұрыс күту, оларға қамқор болу туралы түсінік беріліп, мейірімділікке тәрбиелеу басты назарда болды.

Сабақ соңында балалар өз әсерлерін айтып, алған білімдерін қорытындылады. Көпшілігі үй жануарларын жақсы көретінін, оларға көмектескісі келетінін айтты. Бұл оқу қызметі балалардың танымдық қабілетін дамытып қана қоймай, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға үлкен үлес қосты.

Қорытындылай келе, «Үй жануарлары» тақырыбындағы оқу қызметі өз мақсатына толық жетті деп есептеймін. Балалар жаңа білім алып, жануарларға деген жауапкершілік пен қамқорлық сезімін бойына сіңірді.

Сонымен қатар, сабақ барысында балалардың шығармашылық қабілеттері де дамыды. Олар үй жануарларының суретін салып, мүсіндеу арқылы өз қиялдарын көрсетті. Қимылды ойындар балалардың сергектігін арттырып, жағымды көңіл күй қалыптастырды. Сабақтың мазмұны балалардың жас ерекшелігіне сай болды және олардың қызығушылығын толықтай

«Педагог және Заң» тақырыбында өткізілген ақпараттық сағат өткізілді

Бағыты: Сыпайы қарым-қатынас

Идеологиясы: «Заң мен тәртіп»

Қатысқан топ: «Гүлдер»және «Балапан» тобы

Қатысқандар Ата-аналар саны-23

«Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету мақсатында «Педагог және Заң» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді. Іс-шара барысында педагогтің құқықтары мен міндеттері, заң талаптарын сақтау, балалармен және ата-аналармен сыпайы қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ақпараттық сағатта педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, өзара құрмет пен жауапкершілік қағидаларын ұстану, заң талаптарын орындау мәселелері

талқыланды. Қатысушылар сыпайы қарым-қатынастың ұжымдағы жағымды ахуалды қалыптастырудағы рөлі туралы пікір алмасты.

Іс-шараның мақсаты – педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауды қалыптастыру және кәсіби қызметте әдептілік пен мәдениетті қарым-қатынасты нығайту.

<https://www.instagram.com/reel/DZuLAyqosy8/?igsh=bGQ2MnBhbTF1ZXBv>

Қазақстан Республикасында «Заң мен Тәртіп» идеологиясын ілгерілету бойынша 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес білім беру ұйымында «Ден сау бала-дені сау ұлт» аясында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

«Гүлдер» және «Балапан» топтары

Қатысқан топтар: (4–5 жас)

«Заң мен Тәртіп» идеологиясы аясында

Тақырыбы: «Дені сау бала – дені сау ұлт» танымдық іс-шара өткізілді.

«Заң мен Тәртіп» идеологиясы аясында «Гүлдер» және «Балапан» топтарында «Дені сау бала – дені сау ұлт» тақырыбында танымдық іс-шара өткізілді.

Мақсаты: балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыру, денсаулықты сақтаудың маңызын ұғындыру, дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру, тазалық сақтау дағдыларын қалыптастыру, дұрыс тамақтану мен қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Іс-шара барысында тәрбиеленушілер денсаулықтың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелесіп, таңертеңгілік жаттығулар орындады, қимылды ойындар ойнап, денсаулықты нығайтуға бағытталған қызықты тапсырмаларға қатысты. Балалар жеке бас гигиенасы, пайдалы тағамдар және күн тәртібін сақтау жөнінде өз білімдерін толықтырды.

Осындай іс-шаралар арқылы балалардың денсаулыққа деген жауапкершілігі артып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы насихатталды.

<https://www.instagram.com/reel/Dahd5-9IRFi/?igsh=MW83bW92Z3g2eWlneQ==>

Тәрбиешілер: Калиаскарова Б.С., Тургужинова М.М.